

Білім беру саласы: «Кешенді» («Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет»)

Бөлімі – таңдау пәні (вариативтік)

Тақырыбы: Ас үй заттар: Кесе

Ұйымдастырылған оқу қызметінің мақсаты:

- кесе, кесе түрлері, олардың пішіндерін туралы еске түсіреді;
- үш тілде айтады қайталайды, дыбыстық талдау жасайды;
- суреттегі кесенің қандай кесе, оны неге пайдаланған тұжырымдайды;
- ою өрнекті қарап, шәйнек сыртындағымен салыстырады;
- қандай қарындаш жетпейтіндігі мен қайсысының артық екендігін анықтайды, тапсырманы орындайды;
- салыстырады, бағалайды.

Пәнаралық байланыс:

танымдық (*жаратылыстану, математика*)
шығармашылық (*бейнелеу*)
коммуникациялық (*сөйлеуді дамыту: қазақ, орыс, ағылшын тілдер*)
әлеумет (*қоршаған ортамен таныстыру*)
денсаулық (*қауіпсіздік*)


Білім алушы игеретін білік-дағды:

- ас үй заттарын атайды, түрлерін, пішінің ерекшелігін ажырату дағдысын меңгереді;
- үш тілде айттады, қайталайды, жаттайды, дыбыстық талдау дағдысын игереді;
- суреттегі кесені салыстырып, ой қорыту дағдысын меңгереді;
- ұқсастық пен ерекшелікті ажырату дағдысын қалыптасады;
- қандай түсті қарындаш керек, керек еместігін таңдау дағдысын қолданады;
- өзін, басқаны бағалай алу дағдысын меңгереді.

ҰОҚ-ның ЖОСПАРЫ¹:

1. Тақырып мазмұнын ашу (топпен жұмыс) (5 мин.)
2. Тапсырма орындау (топтық және өздік жұмыс) (3 мин. топтық, 3+3+8+4 мин. өздік)
3. Қорытынды рефлексия (жұптық және жеке жұмыс) (4 мин. жұптық)

1. Тақырып мазмұнын ашу (топпен жұмыс)



¹ Ескерту: ҰОҚ - ұйымдастырылған оқу қызметі мектеп жағдайда сабақ болып ауыстырылады.

Топқа сұрақ:

Дидактикалық ойын «Бұл не?» (суреттермен жұмыс)
Қандай кесе түрімен бүгін танысып отырмыз.



Балалар әңгімелейді. (коммуникациялық дағды қалыптасады)

АС ҮЙ ЗАТТАР – КЕСЕ
(кітапшамен жұмыс)

1. Полилингвалдық компонент: үш тілде айтамыз, қайталаймыз (коммуникациялық дағды қалыптастыру)

2. Кітаптағы буынға бөлініп жазылған ас үй заттарының атауы: қанша буынан, қанша әріп, қанша дыбыстан тұратынын айтамыз, санды жазамыз, дыбыстық талдау жасаймыз (танымдық дағды).


3. Кесе мен шәйнек сыртындағы оюды салыстырамыз. Ұқсастығын ерекшелігін анықтаймыз.

Өздік жұмыс




4. Суреттегі кесе түрлеріне қарап, олардың бір-бірінен пайдаланудағы ерекшелігін тұжырымдаймыз.

5. Қарындаштарды кесе бояйтын бөліктерімен сызық арқылы жалғастыр. Қандай түсті қарындаш артық (х), қандай түс (+) жетпейді, белгіле, кесені боя.



6. Салыстыру. Бағалау. (жеке және жұппен жұмыс)



Тапсырманың орындалу деңгейіне қарай бояймыз.